

## Кәсіптік балық аулау жүргізу үшін балық шаруашылық су тоғандарын (телімдерін) пайдаланушыларға бекітіп беру туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 2 тамыздағы N А-7/261 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 14 тамызда N 3194 тіркелді

**Ескерту.1-тармақты және қосымшаны қоспағанда, қаулының күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 23.10.2015 № А-11/494 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Балық аулау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 246 қаулысына, "Балық шаруашылығы су тоғандарын (телімдерін) бекітіп беру бойынша конкурс өткізу ережесін және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 102 қаулысына сәйкес, әлеуетті табиғат пайдаланушыларға балық шаруашылығы су тоғандарын (телімдерін) бекітіп беру және кәсіптік, спорттық-әуесқой балық аулау және басқа да су жануарларын өндіру құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссияның N 11 хаттамасы негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіптік балық аулау жүргізу үшін Ақмола облысының балық шаруашылық су тоғандары (телімдері) пайдаланушыларға қосымшаға сәйкес 10 жыл мерзімге бекітіліп берілетін.

2. Осы қаулының күші 2006 жылдың 5 шілдесінен бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға таралады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.М.Отаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облыстық әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Облыс әкімі м.а.*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2006 жылғы 2 тамыздағы

N а-7/261 қаулысына 1-қосымша

**Кәсіптік балық аулау жүргізу үшін пайдаланушыларға  
10 жыл мерзімге бекітіліп берілетін Ақмола облысы балық  
шаруашылық су тоғандарының (телімдері)**

### ТІЗІМІ

р/с	Табиғатты пайдаланушылардың атауы	Су тоғандарының атаулары

Ақкөл ауданы		
1	"Әсель-2" ШҚ	Селеті бөгені N 5 телімі
	"Сенім-2006" ЖШС	Тасмола әуіті
Аршалы ауданы		
1	"Кузмичев АА" ЖК	Сейтен көлі
2	"Депершмидт" ЖК	Шөптікөл көлі
3	"Нам" ЖК	Қызыл көл бөгеті
4	"Сенім-2006" ЖШС	Тазкөл көлі
5	"Атамекен" ЖК	Жалтыркөл көлі N 2 телімі, Вячеславск бөгені, N 7 телімі
Атбасар ауданы		
1	"Жасмин-М" ЖШС	Полистиновский әуітінің телімі
2	"Алтындән" ЖШС	Жданов әуіті
3	"Сивяков" ЖК	Барлыкөл көлі
Бұланды ауданы		
1	"Богдановка" ЖШС	Алакөл көлі
Еңбекшілдер ауданы		
1	"Нечитайло" ЖК	Машдвор әуіті, Бақыр әуіті
Ерейментау ауданы		
1	"Шошанова" ЖК	Жарлыкөл, Ойнақ көлдері және Қоржынкөл көлінің N 2 телімі
2	"Әсель-2" ШҚ	Селеті бөгені, N 6 телімі
Есіл ауданы		
1	"Лазуков" ЖК	Артықкөл көлі, N 2 бөгетше
Зеренді ауданы		
1	"Еңбек Көкшетау" РМК	Ивановка бөгеті
2	"Қожагелдинов Р.Е." ЖК	Подлесный бөгеті
3	"Көкшетау жолдары" ЖШС	Жылымды бөгеті
Қорғалжын ауданы		
1	(Абраев) БА және АОАҚ	Сабынды гидроторабынан Ұялы Шалқарға дейін, Мортықтан Біртабан көліне дейін, Камни телімінен Қызыл мешіт теліміне дейін
2	"Ілясов" ЖК	Шалқар көлі N 5 телімі, Жәнібек Шалқар көлі N 4 телімі
3	"Біләлов" ЖК	Құмдыкөл көлінің N 2 оңтүстік бөлігі, Ұялы Шалқар көлі N 6 телімі
4	"Құлманов" ЖК	Шолақ көлінің N 2 оңтүстік бөлігі, Жұмай көлі N 1 телімі, Жәнібек Шалқар көлі N 5 телімі
Сандықтау ауданы		
1	"Новоникольское" ЖШС ӨКФ	Құмдыкөл көлі N 2,3 телімдері
2	"Сенім - 2006" ЖШС	Сарыкөл көлі
Целиноград ауданы		
1	"Самал жай" ЖШС	Кіші Барлыкөл көлі, Ақпан бөгеті
Шортанды ауданы		

1	"Яворский" ЖК	Барышевка бөгеті
2	"Сигитал" ЖШС	Ключи бөгеті
Щучье ауданы		
1	"Ляхов" ЖК	Новое бөгеті
2	"Маржықпаева" ЖК	Лобановка әуіті

Ш Қ - шаруа қожалығы  
ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
Ж К - жеке кәсіпкер  
РМК - республикалық мемлекеттік кәсіпорын  
БА және АОАҚ - балық аулаушылар және Ақмола облыстық аңшылар қоғамы  
ЖШС ӨКФ - жауапкершілігі шектеулі серіктестік өндірістік коммерциялық фирма

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК